

## Дәріс № 5

### Тақырып: Костюм бұйымдарына арналған материалдарды конфекционерлеу

Жаздық костюмдерді кейбір кездері астарсыз немесе жұқа жеңіл астармен жасайды. Сондықтан жаздық костюм материалдарына қойылатын талаптар адамда белгілі жылуизоляциясымен ауа өткізгіштікпен, гигроскопиялық қасиетпен қамтамасыз ету керек. Бұл талаптарды гидрофильді талшықтардан жасалған материалдар және құрамында аздаған гидрофобты талшықтар кездесетін аралас материалдар қанағаттандырады. Бояу тұрақтылығына байланысты костюм материалдары берік және өте берік топқа жатуы керек.

Бұйымның ішкі бөлігін безендіруге қолданылатын және тозудан сақтайтын астарлық материалдар бәрінен бұрын костюмнің адам мүсініне жақсы тұруын қамтамасыз ету керек, бояудың үйкелеу мен терге тұрақты болуы керек (4 балдан кем емес), үйкелеуге қарсы тұруы керек (маталар үшін МеСТ 22542-82 және МеСТ 18976-73- трикотаж жаймалары үшін, аз үйкелеу коэффициентіне ие біркелкі тайғанақ бетті болуы керек. Бұйым ауыр емес. Түс шешімі бойынша жоғарғы материалға және сән бағытына сай болуы керек, негізгі материал мен бұйымның эксплуатация уақытына сәйкес қызмет ету уақытына ие болуы керек.

Төсеніш материалдар пиджакқа, (жакетке) тұрақты форма беруі керек, жеке бөлшектер мен бөліктерді деформациядан қорғауы тиіс. Ол үшін олар аз созылатын, қатты және майысқақ болуы керек, бірақ дөрекі және бұйымды ауырлатпағаны дұрыс.

Эксплуатация кезіндегі бұйымның сыртқы көрінісі мен формасы, оны күтудің оңайлығы тазалау және күту, ол материал комплектісінің талшық құрамына байланысты болады.

Сөрешелерді дубльдеу үшін астар материалдарының түрімен ажыратылатын, еркек пиджактары үшін рационалды пакеттердің үш нұсқасы жасалған. Бірінші нұсқасы көп қабатты жылу сақтағыш астарды қолдануды қарастырады, ол беттік тығыздығы 280-320 г/м<sup>2</sup> жүн материалдарынан жасалатын костюмдер үшін арналған. Кеуде және иық жақтағы сөрешелердің форма сақтағыштығын жоғарлату үшін арнайы терможөндегіш материалдар қолданылуы керек. Оларға паралоннан жасалған каркас беймата жаймалары, инемен тесілген беймата материалдары, трикотажды түктелген жаймалар жатады. Екінші нұсқа қоспалы терможөндегіш түктелген астарлы матаны қолдануды қарастырады. Үшінші нұсқа терможелімделген түгі бар жайманы қолдану. Соңғы екі нұсқа беттік тығыздығы 280г/м<sup>2</sup> жартылай жүнді мата бұйымдарын дайындауға мақсатталған. Кеуде жақтағы сөрешілерді жоғарлату үшін, екі қабаттан тұратын: негізгі- өрнеулі матадан, жартылай жүнді арқаудан және қосымша - терможелімделген материалдан тұратын өтілетін өрнеу астарлары қолданылады.

Үлкендерге арналған жоғарғы қысқы костюм маталары үшін вискозды және ацетатты талшықтар қосылған синтетикалық материалдарды қолданылуға рұқсат етіледі.

Костюмдерге арналған жүн маталарының комвольді және жұқа шұғалы түрде шығарады. Классикалық таза жүнді комвольді маталар- бұлар тегіс боялған бостондар, трико, крептер, жартылай жүнді- бұлар тегіс боялған шевиоттар. Крептер, диагоналдар және ұсақ өрнекті комбинирленген өріммен жасалған шұбар маталы триколар.

Жұқа шұғалы костюмдік маталарды қазір тек жартылай жүннен, көбінесе үш компонентті талшық қоспасынан жасайды. Олар комвольділерден үлкен

қалыңдығымен, салмағымен және мамықтығымен ерекшеленеді. Бұл топшаның маталары көбінесе-шұға, твидтер, фланельдер, шевиодтар.

Мақталықағазды костюм маталарына классикалық маталар (диагональ, трико, молескин), джинсті маталар, ши-барқыт-кароз, ши барқыт-рубчик, триацетатты және полиамидті жіпті меланжды маталар.

Химиялық талшықтардан жасалынған жібек маталары ассортиментімен ұсынылған. Оларды көбінесе қоспа түрінде полиэфир, полиакрилонитрил және вискоза талшықтарынан жасайды. Маталар сыртқы көрінісімен жүнді комвольді маталарға ұқсас. Оларды тегіс боялған, меланжды және аламаталы (сызықты, торлы, жаккардты) қылып шығарады.

Зығырлы костюм маталары көйлекті-костюмдік топқа жатады және шектеулі ассортиментпен шығарылады. Классикалық жөкелермен, күшейтілген жайма өрімімен және тығыз ауыр зығырлы лавсанды маталар жай және ұсақ өрнекті өріммен.

Костюмдерге арналған трикотаж жаймаларын таза жүнмен және жартылай жүнмен шығарады. Ассортиментте көп бөлігін формасақтағыш екікомпонентті (жүнді лавсанды, жүнді вискозды және жүндінитронды) және үшкомпонентті (жүнділавсан вискозды, жүндінитрокапронды) жаймалар (құрамында 30-70 %-ке дейін жүн бар) құрайды. Жазғы костюмдер үшін мақталықағазды, мақталывискозды, мақталылавсанды қоспа иірім жіптері қолданылады.

Барлық костюмдік трикотаж жаймалары жақсы гигиеналық қасиеттерге ие және эстетикалық көрсеткіші бойынша қазіргі сән бағытына лайық, әртүрлі фактураға ие.

Текстурленген полиэфирлі жіптердің, жүн жіптерінің жаймаларын еркек костюмдері үшін, пиджактар және шалбарлар үшін қолданылады. Әйелдер костюмдері үшін- зығырдан, зығырлылавсаннан, зығырлылавсантрацетатты иірім жіптен және зығыр иірім жібінің басқа жіп түрімен араласқандағы ажурлы жаймалар қолданылады.

Балалар жылы костюмдері және әртүрлі спорттық бұйымдар үшін таралған футерлі жаймалар жасалынады, олар қымбат емес және жылусақтағыш.

Костюмдерге арналған беймата жаймалары онша көп емес. Оларды бір жағы тегіс боялған тараммен тоқу-тесу әдісімен алады, балалар бұйымдары үшін- іші толтырылған, суретті беймата жаймалары қолданылады. Костюмдерге арналған беймата жаймаларына қойылатын талаптар маталарға және тоқыма жаймаларына қойылатын талаптарға ұқсас.

Пиджактарға, жакеттерге, шалбарларға және юбкаларға арналған табиғи тері және заманның сыртқы көрінісі әдемі болуы керек, біркелкі жөнделген сәнді бояулы және өлшемді болуы керек, ал замша- тегіс түктелген болуы тиіс.

Терілер жұмсақ және майысқақ, эластикалық және тозуғатөзімді болуы керек, ал тері материалдарының қалыңдығы 0.2мм-1мм-ге дейін болуы тиіс.

Костюм бұйымдарын жаңарту, жөндеу және бөлімшелері үшін табиғи тері ассортиментіне велюр, опойка, щеврет және лакталған тері және тағы басқа кіреді.

Костюмдерге арналған астарлы материалдар-әртүрлі талшықтардың құралуынан және әрлеуден шығарылады. Астарлы материалдардың ауаөткізгіштігі  $100 \text{ дм}^3/(\text{м}^2\text{с})$  кем болмауы тиіс және ылғалөткізгіш, гигроскопиялық болуы керек, электрленбеуі керек. Астарлы маталардың көбі-жібекті (вискозды және вискоздыацетатты) және жартылай жібекті (құрамы вискозды және мақталықағазды иірім жіпті). Кейбір астар маталарын капронның комплексті жіптерінен және капроннан жасайды, кейбір бөлігі-мақталықағазды болады.

Ассортименттің көп бөлігін құрайтын гидрофильді талшықтар негізінен гигиеналық талаптарды қанағаттандырады. Гигиеналық көзқарас бойынша астар үшін біркелкі гидрофты материалды қолдану дұрыс емес. Астар маталарының құрамындағы синтетикалық және ацетатты талшықтар үлесі 50%-ден аспауы керек. Костюмдерге арналған төсеніш материалдар- маталар, тоқыма және беймата жаймалары-бұйым бөлшектеріне формасақтағыштық беру үшін, деформациядан сақтау үшін және белгілі

аймақтың мықты болуы үшін қолданылады. Костюмдік маталарға бұйымның тағайындалуына байланысты әртүрлі талаптар қойылады. Олардың маңыздылығы келесі таблицада көрсетілген:

Костюмдердің тағайындалуы	Эстетикалық	Тозуға төзімділігі	Гигиеналық	Технологиялық	Экономикалық
Күнделікті ерлер және әйелдер	2	1	4	5	3
Күнделікті балалар	3	4	1	5	2
Спорттық	3	2	1	5	4
Ведомства-лық	2	1	3	5	4
Арнайы	5	2	1	4	3

### Өзін - өзі тексеру үшін тест сұрақтары:

1. Қандай пальтолық-костюмдік маталарға үлпілдек, беті түкті, кейде айқаспа өрнегін толық жауып тұрады деп сипаттама беруге болады

- A) камвольдық
- B) шұғалық
- C) дөрекішұғалық
- D) камвольді-шұғалы
- E) жүн

2. Күнделікті ерлер және әйелдер костюмдеріне қойылатын талаптар, реті бойынша:

- A) 1-экономикалық,2- гигиеналық,3-эстетикалық,4-технологиялық,5-тозуға төзімділігі
- B) 1-гигиеналық, 2-тозуға төзімділігі, 3- эстетикалық, 4-экономикалық, 5- технологиялық
- C) 1-гигиеналық,2-экономикалық,3-эстетикалық,4- тозуға төзімділігі,5- технологиялық
- D) 1-тозуға төзімділігі,2- эстетикалық,3- экономикалық,4-гигиеналық, 5-технологиялық
- E) 1-гигиеналық,2- тозуға төзімділігі,3-эстетикалық,4-технологиялық, 5-экономикалық

3. Күнделікті балалар костюмдеріне қойылатын талаптар, реті бойынша:

- A) 1-гигиеналық,2-экономикалық,3-эстетикалық,4- тозуға төзімділігі,5- технологиялық
- B) 1-гигиеналық, 2-тозуға төзімділігі, 3- эстетикалық, 4-экономикалық, 5- технологиялық
- C) 1-экономикалық,2- гигиеналық,3-эстетикалық,4-технологиялық,5-тозуға төзімділігі
- D) 1-гигиеналық, 2-эстетикалық,3-экономикалық,4-технологиялық,5-тозуға төзімділігі
- E) 1-гигиеналық, 2-технологиялық, 3-экономикалық,4- эстетикалық,5-тозуға төзімділігі

4. Арнайы костюмдік бұйымдарға қойылатын талаптар, реті бойынша:

- A) 1-экономикалық,2- гигиеналық,3-эстетикалық,4-технологиялық, 5-тозуға төзімділігі
- B) 1-гигиеналық,2-экономикалық,3-эстетикалық,4- тозуға төзімділігі, 5- технологиялық
- C) 1-гигиеналық,2-экономикалық,3-эстетикалық,4-технологиялық, 5-тозуға төзімділігі
- D) 1-гигиеналық, 2-тозуға төзімділігі, 3- экономикалық, 4-технологиялық, 5 -эстетикалық
- E) 1-гигиеналық, 2- эстетикалық,3-экономикалық,4-технологиялық, 5-тозуға төзімділігі

5. Әртүрлі мақсаттағы костюмдерді конфекционирлеу кезіндегі негізгі принцип

- A) бұйым пакетіне кіретін барлық материалдарға қойылатын талаптардың бірыңғайлығы
- B) бұйымды пайдаланудағы қауіпсіздік пен тиімділік
- C) қолдануына сәйкестігі
- D) материалға және бұйымға қойылатын талаптардың сәйкестігі
- E) гигиеналық қасиеті

6. Бұратылған жүн иірім жібінен, жаймалық (кейде саржалық және аралас) айқаспамен өндірілген, өрнегі тегіс боялған және меланж жібінен кезектесіп құралған классикалық костюмдік мата

- A) трико
- B) габардин

- С) твид
  - Д) бостон
  - Е) креп
7. Өте жоғары қыртыстану – ол, кері фактор, неге
- А) иә, бұл дайындау процесін қиындатады, сапасын және сыртқы түрін нашарлатады
  - В) сапасын және сыртқы түрін нашарлатады
  - С) тек сыртқы түрін ғана нашарлатады
  - Д) мұнымен келіспеуге де болады
  - Е) киімнің гигиеналық қасиетін бұзады

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Орленко, Л.В. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2017. - 287 с.
2. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию [Текст] : учебное пособие / В. И. Стельмашенко [и др.]. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2019. - 144 с
3. Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. Материалы для отделки одежды. учебное пособие Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2015. - 144 с
4. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2020. - 287 с.  
<https://new.znanium.com/read?id=349442>
5. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию : учебное пособие / В.И. Стельмашенко, Н.А. Смирнова, Т.В. Розарснова, Ю.В. Назарова - М. : ИД «ФОРУМ» : ИНФРА-М, 2019. — 144 с. — (Высшее образование). - ISBN 978-5-16-103571-9. - Текст : электронный. - URL: <https://new.znanium.com/catalog/product/1020702>